

ӘОЖ 347

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сейдімбек Тарлан Ернарұлы

zhamilka85@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 3 курс студенті

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Ж.С. Бердиярова

5433

Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 бабы ел азаматтарына сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік береді [1]. «Қазақстан -2050» стратегиялық бағдарламасы халықтың назарын аударып, руханилықты дамыту мәселелеріне үлкен мән берілді. Яғни, осы мемлекет саясатын іске асыру мақсатында рухани құндылықтарды жаңғырту және елдің шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жүргізілді. Осыған байланысты интеллектуалдық меншік құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету жөнінде соттарға маңызды рөл бөлінді және оны дамыту жолдары қолға алынды.

Интеллектуалдық меншік құқығын қорғау республиканың экономикалық өсуінің тұрақты және өсіп келе жатқан қарқынын қамтамасыз етудің маңызды шарттарының бірі ретінде қарастырылады және еліміздің «Дүниежүзілік сауда ұйымына» кіруін ескерсе, оның ерекше өзектілікке ие болғанын аңғарамыз. Мемлекетте интеллектуалдық меншік құқығын қорғаудың тиімділік жүйесінің болуы, ДСҰ-на кіру шарттарының бірі болып келеді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы әдеби және көркем туындыларды қорғау туралы Берн конвенциясына, фонограмма жасаушыларды олардың фонограммаларын заңсыз көбейтуден қорғау туралы Конвенцияға қосылу арқылы, өзінің бостандық, зияткерлік әлеуетті қолдау қағидаттарына адалдығын, әлемдік қоғамдастықта лайықты орын алуға ұмтылысын көрсетті. Еліміз Дүниежүзілік интеллектуалдық меншік ұйымымен де шартқа қол қою арқылы, бұл салада, яғни, интеллектуалдық меншік дауларын қарастыратын заңгерлерімізді мамандандыру шараларын дамыту жұмыстарын атқару керектігін көрсеткендейміз.

Ал, интеллектуалдық меншік анықтамасын қарастыратын болсақ, адам баласы ақылынан туындаған өнертабыстарды атаймыз. Оларға коммерциялық мақсатта пайдаланылатын өнертабыстар, әдеби және көркем шығармалар, жобалар, белгілер, атаулар және кескіндер жатады. Құқықтық жүйелер интеллектуалдық меншік нысандарын қорғауға мүмкіндік береді, яғни, патенттер, авторлық құқық және тауарлық белгілер арқылы. Ал, бұл адамдарға өнертабыстары немесе туындылары үшін танымал болуға немесе қаржылық сыйақы алуға мүмкіндік береді [WIPO Всемирная организация интеллектуальной собственности]. Өнертапқыштар мен қалың жұртшылық мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ете отырып, интеллектуалдық меншік жүйесі шығармашылық пен инновацияның өркендеуі үшін жағдай жасауға ықпал етеді.

Интеллектуалдық меншікті қорғау ұлттық қауіпсіздік мәселелері санатына жатады деп атасақ та болады. Өйткені, біз мемлекеттің әлемдік қоғамдастықта өмір сүруі, елде басқа адамдардың меншігін, интеллектін және жеке басын құрметтеуге негізделген өркениетті азаматтық қоғам құруды басшылыққа алып келеміз және ол туралы айтып та келеміз.

Жоғарыда атап өткен, еліміздің негізгі халықаралық конвенцияларға қосылуы, сонымен қатар, «Дүниежүзілік интеллектуалдық меншік ұйымымен» шартқа қол қоюы Қазақстан Республикасына халықаралық қоғамдастықта авторлық құқық саласындағы өз белсенділігін кеңейтуге кең мүмкіндіктер берді. Шетелде өз авторларының туындыларын пайдалану кезінде олардың құқықтарын қорғаудың нақты мүмкіндігі пайда болды, сондай-ақ, Қазақстан бір мезгілде Қазақстан Республикасында шетелдік авторлардың құқықтарын қорғау міндеттемесін өзіне алды.

Қазақстан республикасы Азаматтық кодексі бойынша авторлық құқық шығармашылық қызмет нәтижесі болып табылатын ғылым, әдебиет және өнер туындыларына олардың бағытына, мазмұны мен маңызына, сондай-ақ оларды білдіру әдісі мен нысанына қарамастан қолданылады делінген [2]. Ал, АҚШ «Авторлық құқық» заңында авторлық құқық – материалдық тасымалдағышта бекітілген кез-келген түпнұсқа авторлық туындыға қолданылады деп көрсетілген. Ал шығарма түпнұсқа болу үшін екі талапқа сай болу керек, яғни, біріншіден, оны басқа туындыдан көшіруге болмайды; екіншіден, ол кем дегенде кішкене шығармашылықты көрсетуі керек [Copyright law is contained in Title 17 of the United States Code].

Авторлық құқықтың бүгінгі таңда елімізде дамуы мен болашағы туралы сөз қозғар болсақ, бұл саланың дамуы бір жақты деп айта аламыз. Себебі, елде авторлық құқық туралы

насихаттау іс жүзінде жүзеге асырылмайды. Эксперттердің айтуы бойынша, 1996 жылы «Авторлық құқық» туралы заңы қабылданғаннан бері әлі күнге дейін бірдей деңгейде тұр. Басты себебі ретінде авторлардың өз құқықтарын мүлдем білмейтіндігімен, авторлық құқықтың тиімділігіне сенбейтіндігімен айғақтайды. Ал, мемлекет өркениетті шоу-бизнесі, шоу-индустрияны дамыту үшін жағдай жасау мақсатын көздемейді.

Тәжірибеде авторлық құқықтары күн сайын бұзылып жатқан жағдайлар өте көп және күн санап өсіп келеді. Алайда, құқық иелерінің көп бөлігі өздерінің авторлық құқықтарын дәлелдеу үшін сотқа барудың мағынасын көрмейді. Себебі, автор сотқа жүгінгенде төлейтін сот шығындары өтемақы мөлшерінен асып кетеді. Сот шығындарынан бөлек адвокатқа төленетін төлем мөлшері де аз емес екені баршаға мәлім.

Сонымен қатар, сот ісін жүргізу үстінде өзінің авторлық құқығын қорғауда автор моральдық зиянды өтеу мен шығындарды, соның ішінде жоғалған пайданы өтеуді сұрайды. Ал, сотта жоғалған пайда фактісін дәлелдеу өте қиын.

Сондай-ақ, осы санаттағы азаматтық істер шеңберінде сараптамаларды тағайындау және жүргізу кезінде біршама мәселелерге тап болып жатады. Оларды жүргізу ҚР Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығының Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларының мемлекеттік сараптама мекемелеріне тапсырылады. Алайда, Нұр-Сұлтан қаласы бойынша сараптама мекемесінде осы бейіндегі мамандардың жоқтығынан, тағайындалған сараптамалар қайтарылады, нәтижесінде сот оларды жүргізуді Алматы қаласының мамандарына тапсырады. Олар өз кезегінде соттан жекелеген мамандардың, филологтардың қорытындыларын қайта талап етеді. Бұл ұзақ уақытты қажет етеді, істерді қарауды кешіктіреді.

Қазіргі уақытта судьялардың заңнаманың едәуір көлемін – олар бұрын қолданбаған ұлттық нормаларды да, халықаралық келісімдерді де терең зерделеуі және дұрыс қолдануы қажет. Сондықтан, авторлық құқық пен интеллектуалдық меншік құқығынан туындайтын дауларды қарау бойынша судьяларды неғұрлым мамандандыру жұмыстарын жүргізу, аталған тақырыпқа маманданған тәжірибелі заңгерлер мен ғылыми қызметкерлерді тарта отырып, осы тақырып бойынша семинарлар мен дөңгелек үстелдер өткізу қажет. Бұл іс-шаралар аталған санаттағы істерді қарау сапасын арттыруға, Қазақстан Республикасының халықаралық беделін арттыруға ықпал етеді деп ойлаймыз.

Тағы бір атап өтетін мәселе, ойымызша ҚР интеллектуалдық меншік құқықтарын реттейтін заңдар моральдық тұрғыдан ескірген және ол 90-шы жылдарға бағдарланған. Мәселен, бүгінгі интернеттегі контентті реттемейді.

Батыс елдерінде және АҚШ-та 20 жылдан астам уақыт бұрын авторлық құқықты қорғау туралы заңнама нарыққа бейімделген болатын және интернеттегі мазмұн реттеле бастады. АҚШ-та 1998 жылы қабылданған авторлық құқық иелерін қорғайтын арнайы заң бар (Digital Millennium Copyright Act (DMCA)).

DMCA (ағылш. Digital Millennium Copyright Act-Сандық дәуірдегі авторлық құқық туралы заң) – қарақшылыққа қарсы заң ретінде қабылданды, бұл қарақшылардың авторлық құқықпен қорғалған сандық туындыларды көшіруіне және оларды сатуға немесе еркін таратуға жол бермеуге арналған көшіру құралдарын айналып өтуді заңсыз етті. Сондай-ақ, бұл көшіруді бақылауды айналып өту үшін құралдар мен әдістерді өндіруді немесе таратуды заңсыз етеді.

АҚШ-та DMCA аясында авторлық құқықты бұзатын сайт беттерін немесе бүкіл сайтты Google іздеу жүйесінен жоюға болады. Бірақ мұны сайт иесіне авторлық құқықты бұзғаны туралы мәлімдеме жіберілгеннен кейін ғана жасауға болады. Егер біреудің құқығын бұзатын мазмұн белгілі бір уақыттан кейін жойылмаса, онда Google материалды немесе оған кіруді тез арада жоюға міндеттенеді.

Осы секілді Батыс елдерінің тәжірибелерін қолданып, ел азаматтарының авторлық құқықтарын қорғауда дамыту іс-шараларын жүзеге асыруды қолға алу қажет. Тағы бір ерекшелік атап өтетін АҚШ-тың авторлық құқықты қорғау тәжірибесі, авторлық құқықты тіркеу арқылы – оны арзан қамтамасыз ету, ал, заң заң бұзушылардан адвокаттардың ақысын талап етуге мүмкіндік береді. Әдетте, адвокатқа төленетін ақы келтірілген зиянның ақысынан

асып түседі. Авторлық құқықты тіркеу заң бұзушыдан сот процесінің ерте сатысынан адвокаттың ақысын талап етуге мәжбүрлеу үшін қолданылатын маңызды құрал болып табылады [OC Patent Lawyer ресми сайты].

Жоғарыдағы аталған тәжірибе бізде де қолданылса, авторлық құқықтарын қорғауға жүгінушілер саны артар еді. Ол өз кезегінде, нарық қалыптасып авторлық құқықты қорғаудың көптеген жағдайлары пайда болады және интеллектуалдық меншік құқығы жүйесінің дамуына әсерін тигізеді. Осы жүйенің дамуы шығармашылық пен инновацияның өркендеуі үшін жағдай жасауға ықпал етеді.

Бұл – елдің перспективалық дамуының ең дұрыс негізі, табиғи байлықтардың болуына немесе болмауына қарамастан, оның өркендеуінің кепілі. Бұған ұлттың бәсекеге қабілеттілігі, мемлекетіміздің бәсекеге қабілеттілігі негізделеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. ҚР Конституциясы, 30 тамыз 1995
2. ҚР Азmatтық кодексі, 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ
3. WIPO Всемирная организация интеллектуальной собственности, ресми сайты «Об интеллектуальной собственности»
4. Copyright law is contained in Title 17 of the United States Code. All statutory references herein are to sections of Title 17, unless otherwise noted
5. OC Patent Lawyer ресми сайты // «Four types of intellectual property to protect your idea and how to use them» (949) 433-0900